

Аитова Ж.Ж.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: Aitova_1@mail.ru

ӘСЕТ АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ДАРАЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасыр мен XX ғасыр аяғында өмір сүрген, жұмбақ айтыстың ерекше үлгісін көрсете білген, Абайдың ақын талантты шәкірттерінің бірі – ақиық ақын Әсет Найманбайұлы өлеңдерінің даралық, стилдік ерекшелігі талданады. Жекелеген қаламгердің стилдік ерекшелігі жайлы жаппай зерттеп, іргелі зерттеулер жүргізу – әдебиет теориясы мен тарихы үшін кезек күтірмейтін мәселелер.

Зерттеу мақалада Ә. Найманбайұлының өлеңдерін өзі тұстас басқа да ақындар шығармаларымен бірлікте ала отырып, көркемдік, стильдік ерекшеліктеріне арнайы назар аудардық. Сол арқылы Абайдың талантты шәкіртінің өзіне тән поэтикалық сипатының кейбір жақтарын ғылыми тұрғыдан тарамдап айтуға мүмкін туды. Атап айтар болсақ, мақалада ақынның өмір көріністерін өз тұстары сияқты құр баяндаудан гөрі көркемдендіре суреттеуге жиірек барғандығы; тілінің байлығы, саздық-әуендік және мақамдық бейнелігі мен түркі дидактизмі аясында аз сөзге көп мағына сыйдыра білушілік шеберлігі жан-жақты байыпталды.

Тірек сөздер: ақын, стиль, поэтика, афоризм, мақал-мәтел, символ, фигура, эстетика.

Аитова Ж.Ж.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: Aitova_1@mail.ru

ИНДИВИДУАЛЬНОСТЬ СТИХОВ АСЕТ АҚЫНА

Аннотация. В статье анализируется индивидуальность, стилистическая специфика стихов одного из талантливых учеников Абая – Асета Найманбаева, жившего в конце XIX и XX веков, показавшего уникальный пример айтыса. Проведение массовых исследований и фундаментальных исследований стилистической специфики отдельного писателя-неотложные вопросы для теории и истории литературы.

В исследовательской статье особое внимание было уделено художественным, стилевым особенностям, заимствуя стихи А. Найманбайұлы в единстве с произведениями других поэтов. Тем самым удалось научно разграничить некоторые аспекты поэтического характера талантливого ученика Абая. В статье подчеркивается, что поэт часто прибегал к художественному описанию жизненных сцен, а не к основному повествованию, как в своих местах; богатство языка, музыкально-мелодический и ритмический образ и умение вкладывать много смысла в меньшее количество слов на фоне тюркского дидактизма.

Ключевые слова: поэт, стиль, поэтика, афоризм, пословица, символ, фигура, эстетика.

AitovaZh.Zh.
AlikhanBukeikhanUniversity
Kazakhstan,Semey
e-mail: Aitova_1@mail.ru

THE INDIVIDUALITY OF ASSET AKIN'S POEMS

Abstract. The article analyzes the individuality and stylistic specificity of the poems of one of Abai's talented students, Asset Naimanbayev, who lived at the end of the XIX and XX centuries, who showed a unique example of aitys. Conducting mass research and fundamental research on the stylistic specificity of an individual writer are urgent issues for the theory and history of literature.

In the research article, special attention was paid to artistic and stylistic features, borrowing the poems of A. Naimanbayuly in unity with the works of other poets. Thus, it was possible to scientifically distinguish some aspects of the poetic character of Abai's talented student. The article emphasizes that the poet often resorted to an artistic description of life scenes, rather than to the main narrative, as in his places; the richness of the language, the musical-melodic and rhythmic image and the ability to put a lot of meaning into fewer words against the background of Turkic didacticism.

Keywords: poet, style, poetics, aphorism, proverb, Symbol, figure, aesthetics.

Кіріспе. Жалпы Отандық көркем әдебиетте, оның ішінде жеке суреткердің шығармашылығындағы көркемдік және стильдік ерекшеліктерді қарастыру – ірі ғылыми проблема ретінде еліміз азаттық алғанан кейін оңды жолға қойыла бастады. Бұрын шығармашылықтары қамақта болған қаламгерлердің туындыларын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туғаннан бастап, XIX-XX ғасырлар тоғысында өмір сүрген ақындар шығармашылығы стиліне қатысты сөз қозғау мүмкіндігіне жол ашылды. Әсеттің артында қалдырған мол мұрасын зерделеуде «...көркемдік сапасында мін-мүлтік бар шығармадан стильдік өзгешелік іздеу мүмкін емес» [1, 27] – деп Ә. Нарымбетов дұрыс атап көрсеткеніндей, ақынның әдеби ортаға біршама беймәлім шығармаларын іріктеп алып, ең тілі шұрайлыларын қазіргі таным-түсінік тұрғысынан зерттеу объектісіне айналдыру керек. Тек сол жағдайда ғана Әсет Найманбайұлының үлкен шеберлікпен жазылған беймәлім туындыларында жеке стилі үнемі танылып отырады.

Өзіне тән стильдік ерекшелігі бар қаламгер XIX-XX ғасырлар тоғысындағы ұлттық әдебиетімізде сирек кездеседі. Ондай қасиет Абайдың ақындық мектебіне жататын ақындардың бойынан ілуде бір кездеседі. Осы шоғырға жататын сөз зергерлері ішінде өткен ғасыр басындағы әдебиетімізде өзіндік стилі бар асқан дарын иесі – Әсет Найманбайұлы.

Зерттеу әдістері. Қазақ әдебиетінің Шағатайлық үлгі мен фольклорлық үрдістің классикалық канондарынан арылу кезеңі нағыз әлемдік деңгейдегі өскен, өркендеген жаңа әдебиет тудыруға деген талпынысы, аттай қырық жыл уақытқа созылды да, одан арғы кезең академик Рымғали Нұрғали ғылыми айналысқа енгізген «қазақ әдебиетінің алтын ғасырына» ұласты: «...Сондықтан да XX

ғасыр әдебиетін жаңаша пайымдау, оның, оның кезең-кезеңдегі стильдік-жанрлық ізденістеріне, бейне, көркемдік қазынасына баға беру, талантты қаламгерлер шығармаларының эстетикалық байлығын анықтау, бір сөзбен, бос топырақтан кенді аршып алу-жеңіл-желпі шаруа емес, бұл-көп қайрат-қажыр жұмсауды талап ететін ұзын шиыр» [2, 5]. Академик ғалымның сол заман қаламгерлерін зерттеу, зерделеуге байланысты осы қойып отырған әдеби критерийі біз әдеби мұрасын қарастыратын екі ғасыр тоғысында шығармашылық ғұмыр кешкен Әсет Найманбайұлы поэзиясына да қатысты. «Поскольку является не элементом, а свойством художественной формы. Он не локализован (как, например, элементы сюжета или художественные детали), а как бы разлит во всей структуре формы. Поэтому организующий принцип стиля обнаруживается практический в любом фрагменте текста, каждая текстовая «точка» несет на себе отпечаток целого. Благодаря этому стиль опознаваем по отдельному фрагменту: искушенному читателю достаточно прочитать небольшой отрывок, чтобы с уверенностью называть автора» [3, 253]. Осы пікірге орай әсеттанушы ғалымдардың біразы «інжу», «ғаріп» сөздері кездесетін өлең мәтіндерінен Әсеттің өзіне тән стилін аңаратын боламыз деген ойларын тегін айтып жүрген жоқ. Осыған өзектес ойды Абайдың ақын шәкіртеріне қатысты Сәбит Мұқанов: «Жалпы алғанда тақырыбы, идеялық мазмұны, стилі жағынан Көкбай, Әріп, Әсет үшеуі бір бұрыштың үш жағы» [4, 64] десе, Ж. Шөшекұлы Әсетке қарата осы сынды пікірді: «Әсетті басқа ешбір ақынға ұқсамайтын ерекшелігі оның төкпе ақын екендігінде. Яғни, оның қай өлеңі, қанша жол, шумақ болсын, бастан аяқ бір ұйқаспен төгіліп отыратынығы Әсеттікі деген дүниелерді анықтағанда ақынның осы бір өзгеше стилін назарға алып отыру керек сияқты» [5, 4] – деп

жалғастырады. «Стиль – жазушының көркемдік шеберлігімен тікелей байланысты. Көркемдік шеберлігі әбден кемелденіп жетілген суреткерден ғана стиль аңғаруға болады» [1, 27].

Әр жылдарда осы үркердей әдеби топ өкілдерінің шығармаларындағы өзіндік стилдік тіл ерекшеліктері жайлы туралы күні бүгінге дейін айтылып келген пікірлер мен зерттеулер жаңаша соны байыптау мен ғылыми тұжырымдармен толықты.

Талдау мен нәтижелер. Әсет ақынның ақындық тұлғасы мен таланттарының айқын танытатын оның ешкімді қайталамас стиліне және туындыларының поэтикалық қуатын ашып көрсетудің уақыты келген сияқты.

Белгілі әдебиет зерттеушісі Қайым Мұхамедхановтың: «Әсет – нағыз сегіз қырлы өнерпаз. Ол ақындық өнердің өрен жүйрігі, суырып салма ақпа ақын. Табиғи тума, қабілеті күшті, дарынды ақын. Қолына домбыра алғанда, қолма-қол нәсерлете жыр төксе, домбырасымен қоса, қағаз бетінде қаламы да қатар жүйіткітін сауатты саңылақ ақын. Әсет өзінің әрбір өлеңіне арнап ән шығарып, өлең-жырын шаршы топта домбыраға қосып шырқап айтатын, әйгілі әнші ақын» [6, 28] – дегенінде көп мән бар. Өйткені, өлең тармақтарындағы ұйқас сандарының үйлеспеуін, қайырмасына салып нәшіне келтіріп шырқау үшін шумақтардағы буын саны үйлесіп тұруы көп қиындық келтіреді. Өнді айтатын әншісінің дауыс тынысына өте көп күш, ауыр салмақ түсіреді, әрі қалауыңа салып, созып айтуға онша көне бермейді. Осыны өз шығармашылығында ақынның үнемі ескеріп отырудың нәтижесінде оның стилдік өлең құрастыру өлшемі туған.

Әсет поэтикасының тағы бір ерекшелігі-оның өлеңіндегі ішкі өзгерістер, демек өлеңнің іштей жіктелуі, іштей бөлшектенуі. Осы құбылыс Әсеттің терме мен толғауға оңтайлы өлеңдеріне ұшырасып отырады. Ақын өлеңдеріндегі осындай тармақ ішіндегі жіктеліске түсу құбылысы оны Абайдың

өзге ақын шәкірттерінен ерекшелендіріп тұрады. Сонымен, «Атым-Әсет, ұраным-арғын шордан» өлеңі – Әсет ақындығының поэтикалық қуатын нақ танытатын шоқтығы биік туынды. Оны мына екі жолдан аңғарамыз:

Адастырды осы өлең орта жолдан.

Жезге айырбас алтынды қылмағанда [7, 60].

Дәстүрлі ұғымдарды дәстүрлі өлең өлшемімен беруде Абайдың талантты шәкірті Әсет болғандығын орта жол яғни 13 жас түсінігі айқын дәлелдейді. Ақынның тап он үш жасында діни ғұламалықты – алтынды емес, оны өнерге-жезге айырбастағанына аң ұрған өкінішін оқырманына, тыңдарманына айтқан базына назынан сезінеміз. Осы екі тармақ бойында ақын шендестіре қолданған метафоралық символдар «жез» бен «алтын» және «моншак» пен «жібек» Әсет стиліне ғана тән өзіндік бір ерекшелік ретінде Әсеттің дидактикалық сарындағы өлеңдерінде үнемі кездесіп отырады. Осы өлеңінің «Арман еттім артынан ақыр соңнан» деп бітетін финалдык тармағындағы бірінен кейін бірі келетін синонимдік түйдектеуі – ақынның сүйіп қолданған поэтикалық-стилистикалық амал-тәсілі. Ақын стилінде ұлт санасындағы архетиптік көне түсініктерге де жан бітіріп, Әсеттің поэтикалық қолданысқа енгізіп кеткен соны сөз саптауы – «шор» сөздік ұғымы. Міне, осындай ақын стиліне тән тыңнан сөз тудырушылық бағыттағы ерекшеліктері баршылық. Қазақ әдебиетінде XIX ғасырда афоризмдік қолданыс өзінің көркем эстетикалық функциясын иеленуге Дулат, Махамбет т.б. сөз сүлейлері тарапынан алғашқы қадамдарын жасаса, осы дәстүрді әлемдік деңгейде ілгерлетуші Абайдың алаш қаламгерлерін дәстүрлік аядағы әдеби томаға тұйықтықтан арылту ниетімен қазақ философиялық лирикасындағы афоризмдік қолданыс отаршылдық езгідегі ұлтты рухтандыру жолында өзінің қысқалығы мен нұсқалығы жағынан оңтайлы жанрға үлкен жүк

артты. Отаршылдық өмірдің қыспағындағы халықтың тұрмыс-тіршілігін аз сөзге көп мағына сыйдырып бере білу жолындағы қазақ қаламгерлері тақырып жағынан ортақтастықта болса, стильдік жақтан алшақтастықта болып, әрқайсы өзіне тән елдің есінен кетпей, жадында жатталып қалатын авторлық қолданыстағы нақылдарын өмірге әкеліп, ұлт жадына мәңгілікке сіңірді.

Қазақ дидактизмі ХХ ғасыр басындағы әдеби үдерісте өзінің ұшар биігіне көтеріліп, ұлтты діни-мәдени және саяси-рухани оянуға үндеген ағартушылық функция атқара бастады. Әсет ақының артында кейінгі ұрпаққа тастап кеткен нақыл аманатын ақынның өз отанына белгісіз өлеңдері негізінде қарастыру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, Әсет шығармашылығындағы афоризмдік қолданыстардың екі түрін кездестіреміз:

1) таза халықтық мақал-мәтелдің афоризмдік мақсатта қолданылуы;

2) автор тарапынан интерпретацияланған халықтық мақал-мәтелдердің афоризмге айналуы.

Әсет ақынның авторлық қолданыстағы афоризмдер жиылып келіп, ақын туындыларының көркемдігін артырып отырады. Әсет Найманбайұлының діни насихат тақырыбындағы өлеңдерінде өлең өрімінің өрілуіне орай дайын нақылдық формуланы кейде тікелей қолданса, кейде өзгеріске ұшыратып қолданғанын байқаймыз. Ақын өзгерісіз қолданған халық нақылдары: «көппен көрген ұлы той деген сөз бар», «Әлін білмей әлек боп жүргендер көп», «Жатпайды қисық ағаш тез қасында», «Алтынның қолда барда қадірі жоқ», «Өлмек хақ, тумас сүннет өзекті жан» секілді болып келеді.

Әсет Найманбайұлының туындыларының өлеңдік өлшеміннің композициялық құрылымына қарай, ақын қолданған афоризмдер: біріншіден, мәтелдік; екіншіден, мақалдық; үшіннен билер тақпағы түрінде дидактикалық сарындағы туындылары бойында ұйысып

келеді. Осының бәрі Әсет афоризмдерінің мәйегі болып табылады.

Жалпы, Әсет ақын өмірге әкеліп, өзі өлсе де туған халқымен бірге жасатын нақыл сөздері өздерінің шығарылуы мен композициялық құрылысына қарай: жалқы тармақтық; егіз тармақтық; көп тармақтықтық деп бөлінеді.

Ақынның жалқы тармақтық афоризмдері:

Жақсы өлеңге болады ән де серік.

немесе

Қызықпа нәпсіге еріп алар пұлға.

немесе

Керекті сөзді көрсең тастай көрме.

немесе

Шөлмегі зұлымдықтың сынғалы тұр т.т. болып келетін ақынның қысқа да, нұсқа нақылдары ойының дәлдігімен автор талантын және түрлі тақырыпты ауқымды аяда қамти білген ақынның ұшқыр ойын таныта алғандығы сезіліп отырады.

Әсет ақынның нақылдық қолданысының бір парасы ұшқыр ойлы сөздерінің егіз тармақтауларынан аңғарылады. Ақын қолданған осындай композициялық түзілімдері де бір ой келесісін толықтырып, бірінде айтылған ойды екіншісі одан әрі жетілдіріп отырады. Ақынның егіз тармақты афоризмдері:

Түзулік адамзатты қор қылмайды,

Аңдап жүр аяғынды байқап басып.

немесе

Атадан адам адам болып туғаннан соң,

Келтірмек жұртқа пайда бас міндетің.

немесе

Әйтеуір ғылым қуу жөні осы деп,

Лағып түк таппайды босқа шатқан.

немесе

Сабыр мен салмақтылық сар қазына,

Ашуға алдырған жан ол бір сорлы ес т.т. тәріздес болып келетін ақын нақылдары, өзінің тәрбиелік қуаты жағынан адам өмірінің барша қырын қамтиды.

Ақын өзінің салиқалы ойын жоғарыда біз мысалдарын келтірген қысқа да, нұсқа нақыл түрлері мен қатар ауқымды да, күрделі ой шоғырын беру үшін шумақтық төрт тағандық түйдектеудің стилистикалық амал-тәсіліне жүгінеді. Ақынның шумақтық афоризмдері:

Әтештің нәсілі құс болғанымен,
Сандуғаш, бұлбұлменен ән
қоспайды.

Мәстекке алтын кежім
жапқанменен,

Бәйгеде ұлы дүбір қыр аспайды.

немесе

Қарағай жерге жетпес иілгенмен,
Қарақұс қарға алмайды
шүйілгенмен.

Кедейдің кедей аты жоғалмайды,

Сұратып жүз құбылтып киінгенмен.

немесе

Заманнан асып туған жанмен
шендес,

Басқаның бәрі бекер бақта таяр.

Артында сөз қалдырған адам өлмес,

Абайдай айналаға тағылым жайған,

Әулиеміз өлгеннен соң қайтып келмес түрінде шумақтай өрілетін, ақынның сан салалы шалқар ойы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ философиялық лирикасындағы Әсет ақынның алар орнын нақ анықтап бере алатын көркемдік-стильдік ерекшелігінің әдеби критерий деп атауға келеді.

Әсет пен онымен тұстас ақындарда афоризмдік қолданыстың екі түрі кездеседі: бірі-халық нақылдарының автор тарапынан тұрақты нақыл сөздердің орын алмастырылуына жол берілуі; екіншісі-халық мақал-мәтелдерінің белгілі тірек мәнді сөздің түрлі тұлғада қолданыс табуы. Оның негізгі себебі ақпа ақындық жазба ақындықтан басым түскен кезде, ситуацияға байланысты суырып салып айтушы ақын өзіне дейінгі дайын поэтикалық формаға жататын мақал-мәтелдік сөз саптау үлгісін қолданады. Ол кейде өзгеріссіз берілсе, кейде өзгеріске түсіп қолданылады. Әдеби өмір

салтына ағартушылық ағымның ыңғайымен енген афоризмдік тақпақтау бірде ақындарды өзара жақындастырғанымен, бірде шығарушысының кім екенін әйгілеп тұрады. Әсет ақын өлең құрылысында жекелей, тармақтай, шумақтай тақпақтаудың өзіндік тың да, соны өрнегін өмірге әкелді. Бұл оның ешкімді қайталамас стильдік өзгешелігінің бір қыры болып табылады.

Әсеттің поэзия әлеміндегі сәтті ақындық ізденісін танытатын «Өлең деген бір ғылым өз алдына» өлеңінде:

Бұл сегізі жиналса әр тараптан,

Еңбектеген жас емес еңкіш кәрі.

Талай қайла шығарды орташақтан

Бұл сегіздің бірінсіз адам болмас,

Түгел алсаң шығасың адамдықтан –

деп, өзіне тән мәнерде «орташақтан» сөзі арқылы «сы» грамматикалық тұлғалануын, шығармашылық мәнердегі оқырман көңілін аударту мақсатында «шақ» авторлық түрлендіруімен алмастырып, тілдік қорымыза жанаша сөз саптау әдібін енгізгенін байқаймыз.

Ақынның өз өлеңінің поэтикалық қуатын артыруды мақсат тұтып, кейде ортақ түркілік сөз қолданысына баратын стилистикалық амал-тәсілі «Себеп боп кетіруге дәрменінді» өлеңінен аңғарылады. Өйткені, осындай архаизмдік қолданыс өзіне туындыгер жүктеген эмоциялық-эстетикалық функциясын діни айшықта орынды атқарып тұр.

Дүние, тағат кәсіп, парыз, уәжіп

Жаратқан соған арнап хақтың
құлын

Бұл барша хайуанаттан абзал етіп

Жаратқан аңылық етіп адам ұлын.

Ақынның діни-уағыздық «Талайлар қанды жаспен бетін жуды» өлеңінде «шаһиярлар» мен «татымайды» сөздеріне поэтикалық қуаттылық сіңіру мақсатында олардың орнына мәтін мәнін ашатын синонимдерін қолданып, көркемдік ұтымдылыққа қол жеткізген.

Барша үмбетке жәрдемші
шаһаржарлар

Айырған қылдан қылшық талай
бұлбұл

Саудаға санаулы жас базарланса,
Болар ма бұл дүниеге жаралған гүл.
Түк білмеген қазекен неге арзиды.

Ақын өзінің шығармашылық құлаштылығын танытатын өлеңдеріндегі соны әдеби қадамы қазақ түсінігіне ауыр тиетін араб-парсы діни кірме ұғым-түсінігін, діни эпсана, белгілі тарихи оқиғаны және де ислам қайраткерлері мен айтулы қаһармандарын қазақы ұғым-түсінікке жеңіл соғуы үшін жырға қосуында ишарат пен көкке көтере мадақтау сияқты әдеби тәсілдерді қолданғанын, өлеңдерінде автор мен кейіпкердің қақ жарылуы көрінеді

Түк білмеген қазекен неге арзиды,

Сақтанып рауаят қып айтым мұны –
деген жолдар автордың қазақтан, яғни, ақын ретінде бөлінуін аңғартады.

Ақын өлеңдерінде әулие-әмбиелер, пайғамбарлар мен діни қаһармандар ажалды пенделер сипатында стилистикалық фигура аллюзиямен («Аллюзия (фр. Allusion, от лат. Allusio = шутка, намёк)-стилистикалық фигура, заключающаяся в использовании намёка на известные исторические, мифологические, литературные факты») [8, 37] айшықталған. XIX-XX ғасырлардағы қазақ әдебиетін осы әдеби құбылыссыз елестету мүмкін емес, белгілі тарихи, мифологиялық, әдеби фактілерге ишара жасай қолданылатын стилистикалық фигура кеңестік кезеңде діни тақырыпқа табу қойылып келгендіктен, сол дәуір қаламгерлері шығармашылығындағы осы фигураның қолданылу ерекшелігі аз қарастырылды.

Саудаға санаулы жас базарланса,
Болар ма бұл дүниеге жаралған гүл.
Сақтанып рауаят қып айтқаным бұл,
Басыңа ажал, өлім келген күні,
Қызыл тіл жақ пен басты тастарсың
тұл.

Осындағы «Айрылар бір күн жақтан
буынсыз тіл, Қызыл тіл жақ пен басты
тастарсың тұл» тармақтары арқылы
Әсеттің белгілі бір құбылысты
суреттеудегі бірін-бірінен асыра, өсіре

сипаттауындағы өзіне тән стильдік даралығына куә боламыз: біріншісінде – тілдің жақтан айырылуы қарапайымдылықпен берілсе, екіншісінде-автор оған поэзиялық әсемдік үстеп, оқырманын бей-жай етпейтін эстетикалық әсерлілік эффектісін тудыра алған. Әрі Әсет Найманбайұлының стилін ашатыны өлең, шешендік пен монологизм доминант стилдік жұптары екенін аңғарамыз.

Әсет ақын өз тұсындағы ақындар шығармашылығында айтыла-айтыла сәні кеткен «сәуле» поэтикалық ұғымын оның бір қасиеті (жарық шығаруы) негізінде авторлық сөзжасамдағы «жайнам» қосар синонимімен алмастыруы арқылы тұтас мәтінге ақын өз тарапынан жаратпай жырына қосқан адамдар типінің жағымсыз бейнесін беруде поэтикалық ұтымды қызмет атқарғанын байқаймыз.

Бойында бүлдірерлік қуаты жоқ,

Іші арам сыртының жайнамы бар.

Әсеттегі антонимділік қолданыс өзін екі сипатта танытады: не бір тармақ бойында түйдектеліп беріледі, не екі тармақ бойында егізденіп қолданылады. Осы қолданыстардан Әсетке тән стильдік ерекшелік бірде айқын сезілсе, енді бірде көмескеленіп тұрады. Осы көмескелену ишара мен тұспалдық қасиетке ие болып келеді:

Астымдағы тап-таза жерді көрмей,

Аяғымды бастырдым талай боққа.

Халық нақылын бір шумақтың
бойында екі рет мағыналық градациялау шеберлігі аясында «өмір» мен «өлімді»; «барлық» пен «жоқтықты» символдай интерпретациялап қазақ қоғамындағы көбедей көптің бірі емес, елдің сөзі мен елдігін ұстаған ұлттың ұйытқы тұтқалары:

Батыр да жалғыз оқта жан береді,

Байлар да жалғыз жұтта мал береді.

Күйрейді саудагер де саудасы
өтпей,

Емінгенге кім қанша нан береді.

Жұтамас жоқтық-біреу, тоқтық-
біреу,

Ол-өнер, әрі азық, әрі тіреу.

Малды-жұт, батырды-оқ жалмаса
да,

Оқулы, өнерлі жан тартпас жүдеу.

Ұзынды-қысқалы қып жан жаратқан
– деп, дәстүрлі қолданылып жүрген «бай
– бір жұттық, батыр – бір оқтық» деген
мақалды бір өлең бойында екі рет
интерпретациялау арқылы ашып береді.

Алды-үміт, арты-өкініш алдамшы
өмір,

Бір күні өте шығар арманменен.

немесе

Арасын жер мен көктің еркін
берген,

Алланың мейіріне қыл шүкірлік т.т.
ақынның өзі өмір сүрген дәуірдегі
өмірдің күңгейі мен теріскейін таныта
қолданған антонимдік сөз қолданысынан
аңғарылып, стильдік даралығымен қатар
қалам қарымын да сездіреді.

Әсет ақын өлеңдерін зерделей
талдай келе, автордың тілдік-көркемдік
тәсілдерді орынды пайдаланып, өзіндік
ізденістерге барғандығын көреміз. Ал,
бұл өз кезегінде Әсеттің стильдік-
жанрлық өрісінің кең екендігін білгізеді.

Қорытынды. Сонымен түйіндей
айтқанда, Абайдың ақын
шәкірттерінің, оның ішінде Әсет
Найманбайұлының артында кейінгі
ұрпаққа аманаттап кеткен әдеби
мұраларындағы мен мұңдалап бой
көрсететін даралық стилі ақынды өзінен
басқа Абайдың ақын шәкірттерінен
еректеп тұрады.

Әсет Найманбайұлы
туындыларындағы имандылық негіздің
бастауы: исламдық, түркілік және қазақи
сипатта көрініс тапқан ақынның
гуманистік-тәлімгерлік дербес мәнері
өзін мәтін бойынан жиі танытып
отырады.

Әсет Найманбайұлының даралық
стилі оның ең жетілген, кемелденген
туындыларынан кейбір де аз, енді бірде
көп мөлшерде өзінің дерексіздігін
танытады. Сондықтан да, оның бұлайша
қылаң беруі туындының тегі мен түріне;
ақынның туынды жазылған кездегі орын
алған психологиялық көңіл-күйінен және
нақты көркем шығарма мазмұнның бір
тектес стильде жазылуынан жіті
аңғарылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нарымбетов А. Жансүгіровтың «Күйші» поэмасының көркемдік және стильдік сыр-сипаты. Стиль сыры. – Алматы: Ғылым, 1974. – 26-49 бб.
2. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
3. Есин А.Б. Стиль / Введение литературоведческих терминов. – М.: Просвещение, 2002. – С. 350-364.
4. Мұқанов С. Абайдың шәкірттері туралы // Абай. – 1992. – № 4. – 63 б.
5. Шөшекұлы Ж. Ақын мұрасын аялайық // Ақжол. – 1992. – 3 қыркүйек.
6. Мұхаметқанов М. Ақын Әсет // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1958. – № 9. – 38-41 бб.
7. Найманбаев Ә. Шығармалары: Өлеңдер, айтыс-қақтығыстар мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 304 б.
8. Русская литература XX века. Сост. И.Т. Крук. – Л.: Просвещение, 1991 – 511 с.

References:

1. Narymbetov A. Zhansygirovtyñ «Kujshi» pojemasynyñ kerkemdik zhәне stil'dik syr-sipaty. Stil' syry. – Almaty: Gylym, 1974. – 26-49 bb.
2. Қазақ әдебиетінің altyn ғasyry. – Astana: Kulteegin, 2002. – 528 b.
3. Esin A.B. Stil' / Vvedenie literaturovedcheskih terminov. – M.: Prosveshhenie, 2002. – S. 350-364.
4. Mұқанov S. Abajdyñ shәkirtteri turaly // Abaj. – 1992. – № 4. – 63 b.
5. Shөshekұly Zh. Aқyn mұрасyn ajalajyқ // Akzhol. – 1992. – 3 qyrkүйek.
6. Mұhametқанov M. Aқyn Әset // Қазақ tili men әdebieti. – 1958. – № 9. – 38-41 bb.

7. Najmanbaev Ә. Shyғarmalary: Өлеңder, ajtys-қақтығустар мен dastandar. – Almaty: Zhazushy, 1988. – 304 b.

8. Russkaja literatura NN veka. Sost. I.T. Kruk. – L: Prosveshhenie, 1991 – 511 s.

Автор туралы мәлімет:

Аитова Жанар Жумабековна

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, Alikhan Bokeikhan University

Пошталық мекенжайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей, 15-18-146

Ұялы.тел: 8-775-258-02-52

email: aitova_1@mail.ru

Сведения об авторе:

Аитова Жанар Жумабековна

Должность: Кандидат филологических наук, Alikhan Bokeikhan University

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, Семей, 15-18-146

Сот.тел: 8-775-258-02-52

e-mail: aitova_1@mail.ru

Information about the author:

Aitova Zhanar Zhumabekovna

Position: Candidate of philological sciences, Alikhan Bokeikhan University

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey,

Mob.phone: 8-775-258-02-52

e-mail: aitova_1@mail.ru